



# **Дәрілік өсімдіктер ресурстану**

\* Дәрілік өсімдіктер ресурстану – флорамыздағы дәрілік өсімдік көзін іздеп тауып,оның құрамын зерттейді,сонымен қатар дәрілік өсімдіктің табиғаттағы аларын зерттейді

\* **Дәрілік өсімдіктер** (лат. *Plantae medicinalis*) , шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін 6000 астам өсімдік түрінің 500 түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні көбінесе жабайы өсімдіктерден алады .

- \* Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. Осы заманғы кейбір ең таңдаулы дәрілер жабайы шөптерден жасалған.
- \* Соған қарамастан адамдар пайдаланып жүрген дәрілік шөптердің бәрі бірдей медициналық тұрғыдан өз бағасын алған жоқ, ал ондай шөп қолында барлар кебіне оны қате пайдаланады. Өз өлкеңіздегі осындай шөптерді зерттеуге тырысыңыз және қайсысының емдік қасиеті бар екенін анықтаңыз.
- \* Кейбір дәрілік шөптер, егер оларды ұсынылғанынан артық мөлшерде қабылдаған жағдайда, өте улы келеді. Бұл орайда, осы заманғы дәрілер әлдеқайда қауіпсіз, себебі олардың мөлшерін оңай анықтауға болады.

# Арша



- \* **Арша** (лат. *Juniperus*) - кипарис тұқымдасына жататын мәңгі жасыл қылқан жапырақты бұталардың немесе ағаштардың тұқымдас тармағы
- \* Қазақстанда аршанын үш түрі кездеседі:
  - зеравшан аршасы (қара арша),
  - Түркістан аршасы
  - жарты шар тәрізді арша
- \* Оңтүстік оңірінде "Сайрам-огем" ұлттық паркында осы аршанын үш түрі де кездеседі.

\* Арша 300 жылға дейін өмір сүреді. Табиғатта Гиннестің рекордтар кітабына кірген 800 жыл жасаған кәрі аршалар да бар. Биіктігі 1-3,5 метр, қысы-жазы көгеріп тұратын, **бұталы өсімдік**.

\* Бұтағы тік немесе жерге жайыла өседі. Қылқаны қабыршақты, тікенекті келеді, үш-үштен шоқтанып не екі-екіден қарама-қарсы орналасады. Жеміс бүрі жидек пішіндес не шар тәрізді, түсі көкшілдеу болады.

\* Тұқымынан және өсімді жолмен көбейтіледі. Сәуір — мамыр айларында гүлдейді, тұқымы жаздың аяғында, кейде күзде піседі. Тұқымынан шыққан жас өскіндер бір жылдан кейін тез өсіп, жақсы жетілген соң топырақты қатайтады. Бұтақтарынан эфир майы, қант, шайыр, балауыз және органик. қышқылдар алынады.

Аршаны орман шаруышылығында, таулы аймақтарда топырақтың опырылып кетуін болдырмау үшін отырғызады. Қазақстанда аршаны Алматы, Алтай, Қарағанды қ-ларының ботаника бақтарында қолдан да өсіреді.

\* Химиялық құрамы:

\* Арша жемісінің құрамында 35 – 40 % шамасында қантты заттар, смолалар, балауыз, сірке, құмырсқа, алма аскорбин қышқылы және фитонцидтер бар.

\* Қолдануы:

\* **Халық** емінде арша жемісі ежелден-ақ несеп айдайтын және **қуықтың** қабынуын басатын дәрі ретінде қолданылып келеді. Бойында зиянды **бактериаларды** жойғыш және емдік қасиеті бар. **Өкпе, тері** және **астма** ауруларын емдеген. Ежелгі **Рим** мен **Грекияда** жылан шаққан кезде пайдаланған.

\* Аршамен **тіс** тазалау пайдалы.

# Шүйіншөп



\* **Шүйіншөп (Valeriana)** – өзі аттас тұқымдасқа жататын көп жылдық шөптесін өсімдік, шала бұта. Солтүстік жарты шардың қоңыржай және салқын аймақтарында өсетін 200-ге жуық түрі белгілі. Қазақстанның барлық аймақтарында кездесетін 9 түрі бар.

\* Биіктігі 2 м-дей, сабағы тік өседі. Тамырсабағының жуандығы 2 см, оны жіп тәрізді ақ немесе қоңыр түсті тамырлары шырмап жатады. Тамырсабағы мен тамырының ерекше иісі болады. Жапырақтары қауырсынды салаланған, тегіс жиекті, қарама-қарсы орналасқан. Гүлдері майда, ақшыл қызыл түсті, қос жынысты, хош иісті. Олар ірі шоқпарбас гүлшоғырына

топталған. Маусым – тамыз айларында гүлдеп, жемістенеді. Жемісі – сопақша-жұмыртқа тәрізді тұқымша, оның 10 – 12 сәулелі айдаршасы болады.



- \* Шүйіншөптің тамыры мен тамырсабағын дәрі ретінде пайдаланады, тамырынан эфир майы, валериан, сірке және құмырсқа қышқылдары, қант, илік заттар алынады.
- \* Шүйіншөптен жасалған дәрілер ұйқы қашқанда, жүйке жүйесі, жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысы бұзылғанда тыныштандыру үшін қолданылады.
- \* Қазақстанда Шүйіншөптің Іле Алатауында – 16 т, Күнгеі Алатауында – 0,3 т жылдық қоры анықталған.

# Жалбыз



\* **Жалбыз** (лат. *Méntha piperíta*)- еріндігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық тамырсабақты өсімдік. Қазақстанда жалбыз туысының 10 түрі өседі, соның ішінде дәрілік мақсатта бұрышты жалбыз қолданылады.

\* Биіктігі 80-100 см. Сабағы төрт қырлы күрең-күлгін түсті. Жапырағы ұзынша, жұмыртқа пішінді, қысқа сағақты, тақтасының жиектері ара тісті иректелген жай жапырақ. Сабакқа қарама қарсы орналасады. Жапырағын саусақпен уқалағанда жағымды иіс шығады. Себебі, жапырағында 5% эфир майы болады. Маусым мен тамыз айларында гүлдейді. Гүлдері ұсақ, түбі біріккен 5 тостағанша жапырақшасы күлгін түсті. Түбі біріккен 5 күлте, оның екеуі бірігіп жоғарғы ернін, үшеуі бірігіп төменгі ернін құрайды. Сондықтан да, мұндай гүлдерді ерінгүлділер тұқымдасы деп атайды. Аталығы 4, аналық жатыны екі ұялы біреу. Гүлдері сабақ ұшына шашақ гүлшоғырына жиналған. Жемісі-жаңғақша. Жалбызды тамырсабағынан көбейтеді. Эфир майында 55%-ға дейін ментол кездеседі.

\* Жүрек ауруының бәріне ем. Сондай-ақ оны бүйрек пен бүйрек түбекшесі, бауыр мен жолының қабынуына қарсы қолданады. Жалбыз ұнтағының осы мөшерін бал орнына сары майға аралыстырып жоғарыдағыдай ретпен қабылдаса демікпе сырқатын жазып, өкпенің тыныс алу жолдарын тазартады. Булығып жөтелгенді тиып, қарлыққан дауысты ашады. Полиартритпен ауыратын адам кепкен жалбыз шөбін суға қайнатып, күніне бір реттен жатар алдында ванна жасап булап жүрсе сырқатынан сауығады. Ал, соңғы кезде жалбыз тұнбасын іштің кебуін басатын, бойға күш-қуат беретін, несеп жүргізіп қуықтың қабынуын жазатын, етеккірді шамадан тыс келуін тоқтататын дәрі ретінде қолданып жүр. Сонымен қатар жалбызды басқа дәрілік шөптерге қосып өкпе туберкулезін де емдей бастады. Еті тілініп кеткен жарақатқа, ірінді шиқан сияқты шығулар мен қотырларға жалбыз тұнбасын таңып тастаса, тез жазылады.

# Тіршілік тамыры



\* **Женьшень, женшен, тіршілік тамыры** (*Panax ginseng*) – аралия тұқымдасы, панак туысына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Табиғи жағдайда Қытай, Корея, Ресейде (Приморье және Хабаров өлкесінде) өседі. Қазақстанда мәдени түрде өсіріледі.

\* Бұл өсімдік биіктігі 30 – 70 см , көп жылдық шөп тектес өсімдік. Өсімдіктің жуан кіндік тамыры болады, оның сырты сары, іші ақшыл, өзіне тән иісі бар. Кіндік тамырдан 3 – 5 бұтақша тамыр кетеді, ал олардан жіңішкелеу тамыршалар тарап, ол жіп сияқты бітеді. Оның женшень деген атын қытай тілінен аударса «тамыр адам» деген мағына береді. Өсімдіктің кейбіреуінің пішінін адам пішініне ұқсатуға болады. Тамыр адам аталуы да содан болар. Тіршілік тамырының сабағы жіңішке. Олар жалғыз – жалғыздан тік өседі. Жапырақтары ұзын сағақты – ұзындығы 30 – 40 см гүл тостағаншасы шатырға ұқсайды. Гүлі – майда, ақшыл – көк түсті. Жеміс шымқай қызыл түсті, екі ұялы жидек. Мамыр – шілде айларында гүлдейді, ал жемсі тамыз –қыркүйек айларында піседі. Тамыры жуан, бұтақтанған, сыртқы қабығы ақ, қатты. Тік сабағынан 2 – 5-тен ірі, саусақ салалы жапырақтары тармақталып шығады. Ақшыл жасыл түсті, қос жынысты ұсақ гүлдері дара, шатырша гүлшоғырына жиналып, сабақтың ұшында жетіледі. Тек тұқымынан көбейеді. Шілде айында гүлдеп, тамызда жемісі піседі. Жемісі – ашық қызыл түсті қос дәнді сүйек жеміс. Оны құстар таратады. Женшень өте баяу өседі. 10 – 11 жылдан кейін жеміс бере бастайды. 100 жылдай жасайды. Женшень – бағалы дәрілік өсімдік. Оның тамырында тритерпен глюкозидтері (сергіткіштік қасиеті бар) кездеседі.

\* Химиялық құрамы:

\* Женьшеньнің негізгі шипалық қасиеті оның құрамындағы панаксопонин, панаквиллон, А, В панаксозиді деп аталатын гликозидтерге тікелей байланысты. Сондай – ақ дәрілік тамырдың құрамында эфир майлары, панаксин қышқылы, смола, игілік заттар, С, В витаминдері, темір, марганец және басқа да заттар болады.

\* Қолданылу:

\* Женшень тамырынан дайындалған дәрі-дәрмек, ұнтақ, тұнба медицинада организмнің жалпы тіршілік қабілетін, ауруға төзімділігін арттыруға, кейбір жүйке және жүрек-қан тамыры ауруларын емдеуге қолданылады. Мал дәрігерлігі практикасында бұл өсімдіктің тамыры асыл тұқымды бұқаларды, айғырларды, қошқарларды ғана емдеуге қолданылады. Оны негізінен облыстық, республикалық мемлекеттік тұқым мал станцияларында ғана қолданады. Женьшень тамыры нерв жүйесін, жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек уруларын емдеуге қолданылады. Жалпы шипалық қасиеті жөнінен оның теңдесі жоқ десек қателеспейміз. Сондықтан, оны халық және медицина қызметкерлері «тіршілік тамыры» деп атаған. Медицина және мал дәрігерлігі практикасында женьшень тамыры тұнба, сұйық экстракт және ұнтақ күйінде қолданылады. Женьшень тамырының тұнбасы арықтаған асыл тұқымды қошқарға 10 – 20 тамшыдан күніне 2 – 3 рет ішкізіледі.

# Итжүзім



- \* **Итжүзім** (лат. Bryonia) – асқабақ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер туысы.
- \* Итжүзім
- \* Дүние жүзінде Орта Азияда, Батыс Еуропада және Жерорта теңіз аймағында кездесетін 12 түрі белгілі. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарындағы жазық жерлер мен тау аңғарларында, сондай-ақ орман шеті мен бұталар арасында өсетін 3 түрі бар. Олардың ішінде реликті түр өте сирек, тек Шардара алабы мен Қызылқұмда ғана кездесетін қаражемісті Итжүзім (B. melanocarpa) қорғауға алынып, Қазақстанның «*Қызыл кітабына*» енгізілген.



\* Оның биіктігі 2 – 4 м. Тамыры жуан, түйнекті, сабағы көп бұтақты, шырмалып өседі. Етжеңді, бестармаққа бөлінген төменгі жағындағы жапырақтары ірі болады. Бір үйлі, сарғыш жасыл гүлі дара жынысты. Тұқымынан көбейеді. Сәуір – мамыр айларында гүлдеп, маусымда жемісі піседі. Жемісі – шар тәрізді қою жасыл түсті жидек. Бүлөсімдіктің тамырынан алынатын құрғақ ұнтақты жануарлардың әр түрлі жарасын емдеуге қолданады. Итжүзімнің тағы бір түрі – сыртдән. Итжүзімінің тамырында улыбрионин, брей глюкозидтері, шайыр, крахмал, балауыз, минералды тұздар, органикалық қышқылдар болады. Оны халық медицинасында несеп жүргізетін, қақырық түсіретін, ауруды бәсеңдететін және қан тоқтататын дәрі ретінде пайдаланады. Тұқымында эфир майы (1,5 – 2,1%) болғандықтан сабын қайнатуға қолданылады. Сондай-ақ гүлінен аралар бал жинайды.

# Қаражидек



\* **Қаражидек (Vaccinium)** – каражидектер тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Қазақстанның таулы, орманды және далалы аймақтарында өсетін 3 (итбүлдірген, көкжидекті Қаражидек және каражидек) түрі бар. Бұлардың Биіктігі 15 – 40 см-дей. Ашық жасыл түсті бұтақты өсімдіктер. Ұсақ та сопақша келген жасыл түсті жапырақтары кезектесіп орналасады. Гүлдері қос жынысты, қызғылт жасыл түсті, шар тәрізді болады. Мамыр – маусымда гүлдеп, қыркүйекте жемісі піседі. Жемісі – жұмыр келген қышқылдау дәмі бар кара жидек (миуа).

- \* Қаражидек миуасының құрамында 87% су, 7% қант (оның 1%-дайы сахароза, 2%-глюкоза, 4%-дай фруктоза) болады. Ал жапырақтарында илік заттар, арбутин, гидрохинон, С витамині, түрлі спирттер мен органикалық қышқылдар және эфир майы бар.
- \* Емдік мақсатта Қаражидектің миуасы мен жапырағын пайдаланады. Қаражидек миуасының тұнбасымен асқазан мен ішек қабынуын, іштің қатуын, бүйрек пен қуыққа тас байлануын, радикулит пен ревматизмді емдейді. Франция лабораториясында жасалған тәжірибелер Қаражидек миуасының адам көзінің көру қабілетін арттыра алатынын анықтаған. Қаражидек жапырақтарының тұнбасы асқазан сөліндегі қышқылды көбейтеді, қан тоқтатады, несеп жүргізеді, сондай-ақ диабетке шалдыққан адам қаны мен несесінің құрамындағы қантты азайтады

# Өгейшөп



- \* **Өгейшөп** (*Tussilago*) – күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.
- \* Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Өзен жағалауында, жыра ішінде, тау баурайында, саз топырақты жерде өсетін 1 түрі – кәдімгі өгейшөп (*Tussilago farfara*) бар. Оның биіктігі 20 – 100 см. Сабағы өрлеп өседі. Жапырақтары ірі, қабыршақ тәрізді, қоңыр-күрең түсті, сабаққа кезектесіп орналасады. Сарғылт түсті гүлі қос жынысты, жеке-жеке сабақтың ұшында жетіледі, жапырағынан бұрын пайда болады. Гүлшоғы – себет. Наурыз – сәуірде гүлдеп, мамыр – маусым айларында жеміс салады. Жемісі – дәнек.

Өгейшөптің жапырағының құрамында глюкозид, эфир майы, инулин, илік заттар, аскорбин қышқылы болады.

- \* Халық медицинасында өгейшөпті Гиппократ пен Авиценна заманынан бері қолданып келеді. Оны қолқа демікпесін, созылмалы бронхитті, ларингитті, жоғары тыныс жолдарының қабынуын емдеуге пайдаланады. Тұнбасын жөтелді басу үшін ішеді. Гүлінен ара бал жинайды.

# Рауғаш



- \* **Рауғаш** (Латын атауы: *Rheum rhabarbaricum*) - кара құмық тұқымдастарға тиесілі өсімдіктердің тегі болып табылады. Ол Орта Азия, Болгария және Оңтүстік Сібір аумағынан шығады. Рауғаш көкөніс ретінде өсіріледі. Бұл көкөністің пайда болуы қызықты болып табылады. Онда рауғаш 3000 жыл бойы белгілі қытай асханасынан ол - Волга жағалауына, ал одан Ежелгі Грекияға және Ежелгі Римге қоныс аударды. Грек тілінде рауғаш «рабарбарос» деп аталады, аударғанда «Волга жағалауынан әкелінген жат көкөніс» дегенді білдіреді.

\* Құрамы:

\* Рауғаштың құрамында магний, калий, кальций, темір, фосфор, натрий, В тобының дәрумендері, С дәрумені және каротин бар.

\* Пайдасы:

\* Рауғаш темір мен С дәруменінің молшылығымен белгілі. Ол ас қорытылуына мүмкіндік туғызады, гастритті емдейді, тәбетті жақсартады. Әсіресе ішекті тазартып, оның жиырылуын жақсартады. **Рауғаш** асқазан сөлінің және өт бөлінуіне себепші болады, бұл зат алмасуын жеделдетеді. **Рауғаш** тіпті семірумен күресте пайдаланылады. Бірақ оның құрамында қымыздық қышқылы бар, осыдан нашар еритін кальций оксалаты түзіледі, ол бүйрек тасы түрінде шөгуі мүмкін. Сондықтан оны тым жиі және көп мөлшерде қолданудың керегі жоқ. Артриттен, бүйрек тасы ауруынан және асқазан-ішек жолы ауруынан азап шегуші тұлғалар емдәмінде рауғаштан аулақ болуы тиіс.

# Шәңкіш



- \* **Шәңкіш**  
(лат. *Viburnum*) — ұшқаттар  
тұқымдасына жататын бұта немес  
е аласа ағаш.



\* Сипаты:

- Биіктігі 1,5 — 4 метрге жетеді.
- Сабағының қабығы ақшыл сұр түсті, тілініп кеткен, онда тықыр жас бұтақтары орналасады. Жапырақтары жалпақ, сопақша, кейде дөңгеленіп келген.
- Гүлдері қос жынысты, шет жағындағы гүлдері тұқымсыз болады, шатырша-қалқанша гүлшоғырын құрайды. Аталығының саны — бесеу, жатыны бір ұялы. Тостағанша жапырақшалары 3 не 5 тісті, күлтелері қоңырау тәрізді, ақ немесе қызыл түсті. Жәндіктермен тозаңданады.
- Мамыр — шілде айларында гүлдеп, тамыз — қыркүйекте жеміс салады.
- Жемісі — қызыл түсті сүйекше.
- Дүние жүзінде қоңыржай және субтропиктік аймақтарда, негізінен Еуразия мен Солтүстік Америкада өсетін 200-ге жуық түрі белгілі. Қазақстанның барлық аймақтарындағы жалпақ жапырақты және аралас ормандарында, бұлақ, өзен-көл жағалауларда, сайлы, батпақты жерлер мен тау беткейлерінде 1 түрі — кәдімгі Шәңкіш кездеседі.

\* Құрамында - вибурнин глюкозиді, валериан, илік заттар, шайыр және органикалық қышқылдар, ал жемісінде қант, илік заттар бар.

• Емдік қасиеті

\* Дәрілік мақсатқа өсімдіктің қабығын, жемісін, гүлін жинайды. Олар халық медицинасында кеңінен қолданылады:

- Қабығынан алынған тұнба қан тоқтады, қан тамырларын тарылтады, жүйкені тыныштандырады. Жемісі жүрекке әсер етеді, несеп айдайды, өт жүргізеді, қабынудан қорғайды және жараларды жазады.
- Сонымен қатар тер шығаратын, құстыратын, іш жүргізетін дәрі есебінде және асқазан қышқылы кемігенде емдеуге болады. Жемістерін балмен қосып қайнатып, жоғары тыныс жолдары мен өкпе қабынғанда, деміккенде, іш өткенде, бауыр ауырғанда, дене сарғайғанда, дауыс қарлыққанда пайдаланады.
- Гүлдеп тұрған бұтақтарының қайнатындысын қақырық түсіру үшін қолданады.

# Шытыр



- \* Шытыр немесе Ащы (зәрлі) сарғалдақ (лат. *Ranunculus acris*) — сарғалдақтар тұқымдасына жататын сарғалдақ тегінің, көп жылдық, шөп тектес өсімдік

\* Сипаты:

- Биіктігі 70 см-ге дейін жетеді.
- Сабақтары қысқа және тығыз түк басқан сайлары бар.
- Тамырлары түзу және қысқа көптеген ұсақ қосымша тамырлары бар.
- Жапырақтарының сағақтары ұзын, бес бөлік жапырақшалардан тұрады. Жапырақшалардың әрқайсысы бірнеше бөлшектерге бөлініп тілімделген. Олардың сағақтары өсімдіктің сабағын жарым жартылай қоршай орналасқан.
- Гүлдері алтындай сары. Гүл сабақтарының да ұзына бойына созылған сайлары бар. Гүл тостағаншасының 5 түкті қалақшалары бар.
- Жемісі шар тәрізді көптеген жаңғақшалардан тұрады. Мамыр айынан бастап бүкіл жаз бойы гүлдейді. Өсімдік бірінші рет 6 жылдығында гүлдейді.

\* Химиялық құрамы:

\* Оның құрамында ұшпалы зат – протоанемонин(анемонол) бар, иісі өткір, дәмі тіл қуырарлықтай ащы болады. Протоанемониннің көздің, мұрынның, кеңірдектің кілегей қабығын түршіктіретін қасиеті бар. Шытырдың құрамында протоанемониннен басқа аскорбин қышқылы, каротин, илік заттар, алкалоидтар, жүрек глюкозидтері және флавоны қосылыстар бар.

\* Қолданылуы:

\* Дәрі мақсатында зәрлі сарғалдақтың шөбін пайдаланады. Оны бас ауруды, ревматизмді, подаграны, жараны, күйікті, шиұанды емдеу үшін, сондай-ақ тонус көтеретін дәрі ретінде де пайдаланады. Өсімдік құрамындағы протоанемонин - улы зат. Оның аз мөлшерінің өзі орталық нерв жүйесін қуаттандырғыш әсер етеді. Қандағы эритроциттер мен гемоглобиндерді көбейтуге көмектеседі. Микробтарға қарсы және фунгустикалық әсері бар. Зәрлі сарғалдақты усарғалдақпен қосып (тері туберкулезін емдеу үшін) дәрімай ретінде пайдаланады. Е.Залесованың деректері бойынша сарғалдақты жарыққа және бел ауруын емдеу үшін қолданады. Өсімдіктің гүлімен кейде безгекті де емдейді.